

2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 125 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 12 қаңтарда N 3279 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 321 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010.07.14 № 321 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес **облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға арналған облыстық бюджет 1 қосымшаға сәйкес мына көлемде бекітілсін:

- | | |
|--|-------------------------|
| 1) кірістер | 79 355 738,2 мың теңге; |
| | о н ы ң і ш і н д е : |
| салықтық түсімдері бойынша | 28 351 912 мың теңге; |
| салықтық емес түсімдер бойынша | 432 307 мың теңге; |
| трансферттер түсімдері бойынша | 50 571 519,2 мың теңге; |
| 2) шығындар | 79 977 642,4 мың теңге; |
| 3) таза бюджеттік кредит беру | -1 491 590,6 мың теңге; |
| | о н ы ң і ш і н д е : |
| бюджеттік кредиттер | 788 000 мың теңге; |
| бюджеттік кредиттерді өтеу | 2 279 590,6 мың теңге; |
| 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 1 038 500 мың теңге; |
| | о н ы ң і ш і н д е : |
| қаржы активтерін сатып алу | 1 038 500 мың теңге; |
| 5) бюджет тапшылығы | -168 813,6 мың теңге; |
| 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру | 168 813,6 мың теңге; |

Ескерту. 1 тармағына өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.02.06 N 153, 2009.04.18 N 181, 2009.07.15 № 206, 2009.10.16 № 224, 2009.11.25 № 230 (қолданысқа 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2009 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласына 20 пайыз, Мұғалжарға 54 пайыз, Хромтауға 51 пайыз және қалған аудандарға 100 пайыздан;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласына 20 пайыз, Мұғалжарға 54 пайыз, Хромтауға 51 пайыз және қалған аудандарға 100 пайыздан;

3) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша, қызметін бір жолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. Облыстық бюджеттің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

- қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы;
- облыстық маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін алынатын алым;
- облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бойында сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін төленетін төлемдер;
- жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;
- орманды пайдаланғаны үшін төлем;
- жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғат аймақтарды пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер;
- коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:
- облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірістерінің бөлігінің түсімдері;
- облыстық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне есептелетін дивиденттер;
- облыстық коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлесінен кірістер;
- облыстық коммуналдық меншіктің мүлігін жалға беруден түсетін түсімдер;
- облыстық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;
- уақытша бос қалған бюджеттік ақшаны депозиттерге орналастырудан алынатын сыйақылар;
- облыстық коммуналдық меншіктен түсетін басқа да кірістер;
- облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдер;
- облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшалар түсімдері;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімдер, санкциялар, өндіріп алулар;
облыстық бюджетке түсетін салыққа жатпайтын басқа түсімдер;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, яғни, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті с а т у д а н т ү с к е н а қ ш а л а р ;
облыстық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, облыстық коммуналдық меншіктегі мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қарыздарынан түсетін түсімдер.

4. Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 5 бабына сәйкес жұмыс берушілер еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге есептеген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 4 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне жатқызылады.

5. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласының және аудандардың бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алулардың көлемі 3 953 105 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:
Ақтөбе қаласынан 500 000 мың теңге;
Мұғалжардан 3 204 274 мың теңге;
Хромтаудан 248 831 мың теңге.

Ескерту. 5 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.10.16 № 224 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес 2009 жылғы 1 қ а ң т а р д а н :

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 13 470 теңге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 1 273 т е ң г е ;
- 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы - 13 470 теңге мөлшерінде белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

2009 жылғы 1 шілдеден:

1) жалақының ең төменгі мөлшері - 13 717 теңге;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 1 296 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы - 13 717 теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 6 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 10 бабына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі істер органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтер көрсетуге арналған шығыстарды төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

8. Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 11 бабына сәйкес республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 17 544 081 мың теңге сомасында көзделді.

9. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 11 262 911 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Әйтекебиге	1	104	501	мың	теңге;
Алғаға	1	022	077	мың	теңге;
Байғанинге		958	699	мың	теңге;
Ырғызға	1	173	500	мың	теңге;
Қарғалыға		897	522	мың	теңге;
Қобдаға	1	460	938	мың	теңге;
Мәртөкке	1	361	345	мың	теңге;
Темірге		139	015	мың	теңге;
Ойылға	1	283	032	мың	теңге;
Шалқарға	1	862	282	мың	теңге.

Ескерту. 9 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

11. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін: облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға - 69 080 мың теңге.

12. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық биологиялық препараттарды сатып алуға

3 8 7 1 2 6 м ы н т е н г е .

Ескерту. 12 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін: облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге - 17 149 мың теңге.

14. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін: облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға 133 320 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

15. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 104 087 мың теңге, оның ішінде:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге - 40 261 мың теңге;

аз қамтылған отбасыларындағы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 63 826 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 15 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181, 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

15-1. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға сомасы 10 587 425 мың теңге нысаналы трансферттер түскені ескерілсін, о н ы ң і ш і н д е :

тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге - 9 583 621 мың теңге;
әлеуметтік жұмыс орындарын және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге - 475 700 мың теңге;
кадрларды даярлау және қайта даярлауға - 528 104 мың теңге.
Аталған соманы бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 15 тармақ 15-1 тармағымен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен. 15-1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:
облыстық және аудандық маңызы бар жолдарын күрделі және орташа жөндеуге сомасы 1 020 768 теңге.

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 16 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:
облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша ауыл шаруашылығын дамытуға 823 415 мың теңге сомасында, оның ішінде:
тұқым шаруашылығын қолдауға - 44 605 мың теңге;
асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға - 25 797 мың теңге;
көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға - 439 000 мың теңге;
өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыруды қолдауға - 4 451 мың теңге;
ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға - 232 мың теңге;
мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды

субсидиялауға - 309 330 мың теңге.

Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 504 690 мың теңге сомасында, о н ы ң і ш і н д е :

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға - 178 200 мың т е ң г е ;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға - 142 127 м ы ң т е ң г е ;

мемлекеттік білім беру жүйесінде оқытудың жаңа технологияларын енгізуге - 1 8 4 3 6 3 м ы ң т е ң г е .

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 19 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

20. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасында кәсіптік және техникалық білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіптік лицейлер үшін шетелдік ағылшын тілі оқытушыларын тартуға сомасы 9 360 мың теңге.

21. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 1 348 408 мың теңге с о м а с ы н д а , о н ы ң і ш і н д е :

жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 736 820 мың теңге;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге - 611 588 мың теңге.

Ескерту. 21 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының

2009.04.18 N 181, 2009.10.16 № 224, 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

22. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитындарға берілетін стипендиялардың мөлшерін ұлғайтуға сомасы 93 429 мың теңге.

23. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттердің аражігін ажырату шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы беріліп отырған функцияларды іске асыруға сомасы 1 589 мың теңге.

24. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саланың мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға сомасы 43 015 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 24 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша жылу энергетикалық жүйесін дамытуға сомасы 1 293 986 мың теңге.

Ескерту. 25 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

26. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша қоршаған ортаны қорғау объектілерін салуға және реконструкциялауға сомасы 900 000 мың теңге.

27. Алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

28. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004 - 2010

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және нығайтуға 2 726 973 мың теңге сомасында, оның ішінде:

ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға - 1 574 307 мың теңге;

ауылдық (селолық) жерлердің білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға - 1 152 666 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 28 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181, 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

29. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін: денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға - 3 069 676 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 29 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181, 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

30. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

Қазақстан Республикасында 2008 - 2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 5 533 000 мың теңге сомасында, оның ішінде:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға - 594 000 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға - 1 586 000 мың теңге.

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салуға - 3 500 000 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 30 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

31. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ақтөбе қаласының бюджетіне сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға кредит беруге 488 000 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін.

Кредитті бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 31 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

32. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджетке берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін:

облыстық бюджеттің бағдарламалары бойынша мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты 588 748 мың теңге сомасында, оның ішінде:

төтенше жағдайлар саласында - 55 503 мың теңге;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласында - 533 245 мың теңге қарастырылсын.

33. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласының және аудандардың бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй алуға - 100 000 мың теңге;

білім беру объектілерін күрделі жөндеуге - 224 213,7 мың теңге;

білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға - 1 958 969 мың т е ң г е ;

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға - 231 448 м ы ң т е ң г е ;

көлік инфрақұрылымын дамытуға - 113 748 мың теңге;

сумен жабдықтау жүйесін дамытуға - 168 913 мың теңге;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға - 83 074 мың теңге;

облыс мектептері үшін автобустар сатып алуға - 182 000 мың теңге;

қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға - 898 199 мың теңге;

сумен жабдықтау және су қашыртқы жүйесінің жұмыс жасауына - 181 600 м ы ң т е ң г е ;

коммуналдық меншіктегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыруға - 70 0 0 0 м ы ң т е ң г е ;

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға - 71 300 мың теңге;

облыстың жалпы білім беретін мектептерінің 1-4 сынып оқушылары үшін ыстық тамақтануды ұйымдастыруға - 428 920 мың теңге;

жолаушыларды автокөлікпен тұрақты тасымалдауға белгіленген тарифтер мен нақты шығындар арасындағы айырмашылыққа байланысты шығындарды

жабуға - 150 000 мың теңге.
әкімшілік ғимаратының күрделі жөндеуіне - 9 000 мың теңге;
балаларға қосымша білім беруге - 44 500 мың теңге;
облыстың елді мекендерін абаттандыруға және көгалдандыруға - 194 121 мың
теңге;
мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін сатып алуға - 150 000 мың
теңге;
инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға
және (немесе) сатып алуға - 67 465 мың теңге;
мәдениет объектілерін дамытуға - 6 803 мың теңге;
облыстың қоғамдық ашық пункттеріне техникалық қызмет көрсетуге - 530
мың теңге;
мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту үшін ғимараттар сатып алуға - 40
000 мың теңге;
білім беру ұйымдарының материалдық базасын нығайтуға – 3 000 мың теңге;
жолдарды жөндеуге және ұстауға – 75 394 мың теңге;
жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың
жекелеген топтарына әлеуметтік көмекке – 10 000 мың теңге
Аталған трансферттерді бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге
асырылады.

Ескерту. 33 тармағына өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.02.06 N 153, 2009.04.18 N 181, 2009.07.15 № 206, 2009.10.16 № 224 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

33-1. 2009 жылға арналған облыстық бюджетте өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға сомасы 2 038 536,3 мың теңге қаражат қарастырылғаны ескерілсін, оның ішінде: тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуге 2 038 536,3 мың теңге. Аталған соманы бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 33 тармақ 33-1 тармағымен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.04.18 N 181 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен. 33-1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.10.16 № 224 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

34. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2009 жылға арналған резерві сомасы 315 472,3 мың теңге болып бекітілсін.

Ескерту. 34 тармағына өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.02.06 N 153, 2009.04.18 N 181, 2009.07.15 № 206, 2009.10.16 № 224 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

35. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлумен 2009 жылға арналған облыстық бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

36. 2009 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

37. Осы шешім 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың *Облыстық мәслихаттың*
сессия төрағасы *хатшысы*
М.ТҰЯҚОВА **А.ЕСІРКЕПОВ**

Облыстық мәслихаттың 2008 жылғы
10 желтоқсандағы N 125 шешіміне
1 ҚОСЫМША

2009 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.11.25 № 230 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

сан аты	сын ыбы	ішк і сын ыбы	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1.Кірістер	79 355 738,2
1			Салықтық түсімдер	28 351 912
	01		Табыс салығы	6 635 027
		2	Жеке табыс салығы	6 635 027
	03		Әлеуметтік салық	5 975 120
		1	Әлеуметтік салық	5 975 120
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	15 741 765
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	15 741 765
2			Салықтық емес түсімдер	432 307
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	100 627
		4	Мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер	23 000
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	16 270

		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар		61 357
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		1 300
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар		1 300
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер		330 380
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер		330 380
4			Трансферттердің түсімдері		50 571 519,2
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер		3 978 876,2
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер		3 978 876,2
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		46 592 643
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер		46 592 643
Фун к. топ	Кіш і фун кци я	Әкі мші	Бағ дар лам а	АТАУЫ	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	79 977 642,4
1				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	789 118
	01			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	344 608
		110		Облыс мәслихатының аппараты	29 905
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	29 905
		120		Облыс әкімінің аппараты	314 703
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету	244 803
			002	Ақпараттық жүйелер құру	60 370
			113	Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер	9 530
	02			Қаржылық қызмет	378 275
		257		Облыстың қаржы басқармасы	378 275
			001	Қаржы басқармасының қызметін қамтамасыз ету	75 559
			003		35 526

				Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолға талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	
			009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	2 140
			010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	15 050
			113	Жергілікті бюджеттерден алынатын трансферттер	250 000
	05			Жоспарлау және статистикалық қызмет	66 235
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	66 235
			001	Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының қызметін қамтамасыз ету	66 235
2				Қорғаныс	122 622
	01			Әскери мұқтаждар	33 093
		250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	33 093
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	5 570
			007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	27 523
	02			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	89 529
		250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	62 219
2	02	250	001	Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының қызметін қамтамасыз ету	33 021
			005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	29 198
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	27 310
			002	Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту	27 310
3				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2 713 110
	01			Құқық қорғау қызметі	2 713 110
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	2 447 731
			001	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органының қызметін қамтамасыз ету	2 191 108
			002	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	128 872
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 500

			009	Ішкі істер органдарының айдауылмен алып жүруі	124 251
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	265 379
			003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	265 379
4				Білім беру	12 393 718,7
	02			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 761 915
		260		Облыстың туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы	863 819
			006	Балаларға қосымша білім беру	863 819
		261		Облыстың білім беру басқармасы	1 898 096
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	669 065
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	417 975
			018	Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	306 366
			026	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне білім беру саласында мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	184 363
4	02	261	048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	178 200
			058	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	142 127
	04			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	1 904 080
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	155 023
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мекемелерінде мамандар даярлау	155 023
		261		Облыстың білім беру басқармасы	1 749 057
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 749 057
	05			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	685 388
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	34 003

			007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	34 003
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	58 135
			003	Кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	28 395
			060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	29 740
		261		Облыстың білім беру басқармасы	593 250
			010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	94 886
			060	Кадрларды даярлау және қайта даярлау	498 364
	09			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	7 042 335,7
		261		Облыстың білім беру басқармасы	3 531 574,7
			001	Білім беру басқармасының қызметін қамтамасыз ету	55 859
